

Қазақстанның
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
аудандары,
Қазіргі дүниедегі
Қазақстан

9 сынып 3 бөлім

Қазақстанды экономикалық аудандастыру

- ▶ Н.Н.Баранский елді 5 экономикалық ауданға бөлген:
- ▶ 1. Орталық Қазақстан (Қарағанды облысы),
- ▶ 2. Шығыс Қазақстан (Шығыс Қазақстан облысы),
- ▶ 3. Батыс Қазақстан (Батыс Қазақстан,Ақтөбе,Атырау,Маңғыстау облысы),
- ▶ 4. Солтүстік Қазақстан (Солтүстік Қазақстан,Қостанай,Ақмола,Павлодар облысы),
- ▶ 5. Оңтүстік Қазақстан (Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл,Қызылорда,Алматы облыстары кіреді).
- ▶ Республикалық маңызы бар қалаларға: Астана, Алматы, Ресейге жалға берілген Байқоңыр жатады.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АУДАНДАРЫ

45° Гринвичтен шығысқа қарай

55°

60°

65°

70°

75°

80°


85°



Экономикалық ауданда

I. Батыс Қазақстан
 II. Солтүстік Қазақстан
 III. Шығыс Қазақстан
 IV. Орталық Қазақстан
 V. Оңтүстік Қазақстан

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АУДАНДАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ (2013 ж. 1 НАУРЫЗ)



1.Орталық Қазақстан: Қарағанды облысы

- ▶ **Экономикалық географиялық жағдайы**
- ▶ Қарағанды облысының алып жатқан орны Ұлытау қыраттарынан Қарқаралы , Қарағайлы , Қызыларай тауларына дейін 1000 км - ге созылып , Қазақтың ұсақ шоқысы – Сарыарқаны түгелімен қамтиды.
- ▶ Өлкенің негізгі байлығы Қарағанды көмірі және Жезқазған,Қоңырат,Саяқ мыс кендері. Сонымен қатар вольфрам , молибден , мыс кендері түгел дер ауданда өндіріледі . Аудан аумағында су тапшылығын шешу мен Ертіс – Қарағанды каналы салынған .
- ▶ **Халқы** . Ауданның негізгі тұрғындары – қазақтар. Басқа ұлттардан орыс , украин , неміс , татар , белорус , корей , молдовандар тұрады .
- ▶ Халықтың орташа тығыздығы 1 км² - ге 3 , 1 адамнан келеді . Қала халқының басым бөлігі Қарағанды , Теміртау , Жезқазған , Балқаш өнеркәсіп тораптарында тұрады
- ▶ Қ.Сәтбаев Орталық Қазақстанның металлогенді картасын жасады.

▶ **Шаруашылық географиясы .**

- ▶ Орталық Қазақстанда өнеркәсіп салаларынан таскөмір , мыс өндіру , қорғасын - мырыш , сирек металдар , химия - металлургия , қара металлургия жақсы дамыған .
- ▶ Аудан - республикадағы ауыр өнеркәсібі басым дамыған аймақ . Қара металлургия , кен өндіру , отын өнеркәсібі , машина жасау және химия өнеркәсібі - ауданның маманданған салалары .

▶ **Өнеркәсібі .**

- ▶ Ауданда *қара металлургияның дамуы* Қарағанды көмірі мен Атасу, Лисаковск, Айт, Торғай , Соколов, Қашар темір кен орындарының игерілуімен жүзеге асуда . Аталған кокстелетін көмір негізінде Теміртау қаласында толық циклді (“ Арселор Митталл Теміртау ”) жұмыс істейді.
- ▶ Жақсы дамыған тағы бір сал ол *түсті металлургия*. Ауданда Балқаш, Жезқазған мыс кендері орналасқан. Өндіруші Қазақмыс корпорациясы.

▶ **Химия өнекәсібі**

- ▶ Синтетикалық каучук, азот тыңайтқышы, бензол (Теміртау), резеңке техникалық бұйымдар (Саран),

▶ **Тамақ өнекәсібі**

- ▶ Қарағандыда ет, кондитер, ұн, шарап, сыра зауыттары бар.


▶ **Ауыл шаруашылығы**

- ▶ Мал шаруашылығы жетекші саласы қой. Жергілікті жердің қатал табиғатына бейімделген етті майлы еділбай қойы өсіріледі.
- ▶ Жаздық бидай өсіріледі, техникалық дақылдан картоп, күнбағыс өсіріледі.

▶ **Көлік кешені**

- ▶ Қарағанды - Теміртау
- ▶ Қарағанды - Балқаш - Алматы

- ▶ **Қалалары:** Қарағанды, Теміртау, Жезқазған, Балқаш
- ▶ **Қарағанды** - Алматыдан кейінгі өнеркәсіп орталығы.
- ▶ Ең маңызды өндіріс саласы көмір өнеркәсібі.
- ▶ Жеңіл өнеркәсіп орталықтары: Қарағанды, Абай, Шахтинск, Оskarовка
- ▶ Тамақ өнеркәсібі: Қарағанды маргарин зауыты бар, Қарағанды конфеті, Қарағанды сыра қайнату зауыты,
- ▶ **Теміртау**
- ▶ Негізгі өнеркәсіп саласы қара металлургия. Ең ірі кәсіпорны «Арселор Митал Теміртау» толық циклды комбинаты.
- ▶ **Жезқазған**
- ▶ Мыс қорыту негізгі шаруашылығы. Ең ірі кәсіпорны Қазақмыс корпорациясы.
- ▶ **Балқаш**
- ▶ Өнеркәсіп саласы түсті металлургия
- ▶ Негізгі өнімдері: балық аулау, түсті металлургия, жылу энергиясы.
- ▶ Ірі кәсіпорны «Балқашмыс»



Орталық Қазақстан экономикалық ауданы

Шығыс Қазақстан: Шығыс Қазақстан облысы

- ▶ **Экономикалық жағдайы мен табиғат ресурстары**
- ▶ Жер көлемі жөнінен ең кіші экономикалық аудан.
- ▶ Ертіс өзенінің жоғарғы ағысы мен Алтай тауы мен Сарыарқаның шығыс бөлігін алып жатыр.
- ▶ Ауданда орман мен су қоры ең көп аудан. Таулы аудан.
- ▶ Бұл ауданның Қатонқарағай , Бұқтырма , Зайсан , Марқакөл және Сасықкөл сияқты аймақтары туризмді дамытуға мүмкіндік береді . Қазақстандық Алтай , Нарым өзені арқылы Кенді Алтай және Оңтүстік Алтай болып екіге бөлінеді . Алтай мен Тарбағатай беткейлеріндегі таулы , Ертіс өзені бойындағы жазықты жайылым дар - ауданның ауыл шаруашылығы үшін таптырмас байлық .
- ▶ **Климаты:** Шығыс Қазақстанның таулары атмосфералық ылғал әкелетін батыс және оңтүстік - батыс желдердің жолында , сондықтан түсетін жылдық жауын - шашын мөлшері тау етектерінде — 600 мм , тауда — 1000 мм , Алтайдың биік беткейлерінде 1500 мм - ден астам . Ауданның оңтүстік , оңтүстік - шығысында жылдық жауын - шашын мөлшері — 200 - 250 мм .

▶ **КЕНДЕРІ.**

- ▶ Кенді Алтайда полиметалдың Риддер , Зырян , Белоусов . Тишинск , Верхне - Березовск , Быструшинск , Андреев , т . б . кен орындары бар .
- ▶ Полиметалдан басқа алтын , күміс , кадмий , сурьма , темір , күкірт , молибден , висмут , индий , таллий , селен , телур , сынап , т . б . металдар да кездеседі .
- ▶ Алтын өндіруден Семей өңірі жетекші орында . Алтынның Суздаль , Бақыршық , Боко , Октябрь кен орындары да әйгілі .
- ▶ **СЭС.** Шығыс Қазақстанның негізгі байлығының бірі - су энергетикалық ресурсы , республикадағы су қорының 50 % - ы осы ауданның үлесіне тиесілі.
- ▶ Марқакөл көлі маңында Рахман қайнары бұлағы бар.
- ▶ Қазақстан орман қорының 70% осы ауданға тиесілі.
- ▶ **Халқы.** Халқының орташа тығыздығы 1 км - ге 5 адамнан келеді , бұл республикадағы орташа көрсеткіштен сәл төмен . Шығыс Қазақстанда қала халқы басым , ол бүкіл аудан халқының 60 % - ын құрайды . Ауданда 9 қала , 24 қала типтес елді мекен бар. Халық көбінесе Түркісіб темір жолы маңына, өнеркәсіп орталықтарыыы маңына шоғырланған

▶ **Өнеркәсібі**

- ▶ Шығыс Қазақстан еліміздің өнеркәсіп, энергетика, аграрлы, көлік шаруашылығы дамыған ірі аймағы.
- ▶ Негізгі шаруашылығы түсті металлургия.
- ▶ Түсті металлургияның , әсіресе қорғасын , мырыш , титан мен магний сияқты энергияны көп қажет ететін металдар өндірісі – ауданның маманданған саласы . Түсті металлургияның осы бағытта мамандануы мұнда металдардың көптеген түрлерінің және энергетика базасының болуына , сондай - ақ олардың бір - біріне жақын орналасу ерекшелігіне байланысты .
- ▶ Шығыс Қазақстанда Өскемен қорғасын - мырыш , Риддер полиметалл комбинаттары сияқты ірі кәсіпорындар бар . Аудан кәсіпорындары өзіне қажетті шикізаттың 50 - 60 % - ымен қамтамасыз етілген . Комбинаттың Өскеменде салынуы мол шикізат базасының арзан Өскемен су электр энергетикасының , кәсіпорын салуға ыңғайлы жер бедерінің , сондай - ақ қолайлы байланыс жолдарының болуымен түсіндіріледі . Комбинат қорғасын және мырышпен бірге алтын , күміс кадмий , таалий , т . б . металдар балқытады .

▶ **Кәсіпорындары.**

- ▶ Зырян қорғасын комбинаты Шығыс Қазақстанның ірі кәсіпорны болып табылады.
- ▶ Шығыс Қазақстан қорғасын , мырыш және мыс өндірумен “ Қазақмырыш ” және « Қазақмыс ” корпорациялары айналысады .
- ▶ **Машина жасау және металл өңдеу өнеркәсіптері**
- ▶ Өскеменнің “ Шығысмаш зауыты - металлургия зауыттары мен кен байыту комбинаттары үшін бұрғылау және жүк тиейтін машиналар , кен қазатын құрал - жабдықтар шығарады .
- ▶ Өскемен конденсатор зауытының өнімдері электр техникасы , теміржол көлігі , құрылыс , ауылшаруашылық , медицина және машина жасау өнеркәсіптерінде пайдаланылады .
- ▶ Семейде арматура , “ Қазақкабель ” , Өскеменде арматура және полимерлік жабдықтар , машина жасау зауыттары бар .
- ▶ Семей қаласында DAEWOO автобусын шығаратын “ СемАЗ ” зауыты жұмыс істеуде . Бұрын белорустармен бірігіп трактор құрастырса , бүгінде пресс - топтама , фермерлік шаруашылық үшін шағын трактор , көп қабатты үйлерге лифт шығаруға мамандануда . Ауданда республикамыздағы ең алғашқы “ Шығыс Авто ” авто мобиль құрастыру зауыты орналасқан . Зауыт “ Нива ” , “ Шкода ” , т . б . жеңіл автомобильдер шығаруда .

▶ **Құрылыс материалдары өнеркәсібі.**

- ▶ Суықбұлақ әрі сажевск әктас кені негізінде Семей мен Өскемен (Октябрьск) цемент зауыттары жұмыс істейді .
- ▶ Семейде " силикатты және жаңа керамикалық кірпіш зауыты бар .
- ▶ Ауданның қала типтес елді мекендерінде темір - бетон бұйымы , құрастырмалы құрылымдар , ірі қабырға блоктары , ірі панельді қабырғалар , темір құбырларын жасау кәсіпорындары өркендеген .

▶ **Ағаш даярлау ,**

- ▶ Ағаш Бұқтырма , Күршім , Үлбі , Нарым өзендері аңғарлары мен Белағаш даласында даярланады . Аудан ағаш даярлау . ағаш сүрегі және ағаш тілуден республика бойынша жетекші орында .
- ▶ Өскемен , Риддер , Зырян , Семей және Шемонаиха ағаш өңдеу комбинаттары кесілген ағаштан құрылыс материалдарын , үйге қажетті ағаш бөлшектерін , терезе жақтауларын , . б . өнімдер әзірлейді .
- ▶ Қарақожа мен Черновинскіде үйге қажет ағаш бөлшектерін жасау комбинаттары , ал Өскеменде республикадағы ең ірі жиһаз фабрикасы жұмыс істейді .

- ▶ **Жеңіл өнеркәсіптің басты орталығы** - Семей қаласы , мұнда мақта жібін иіру , жүн жуу , шұлық , тігін - трикотаж комбинаттары орналасқан .
- ▶ Жаңа білдектермен жабдықталған трикотаж , тігін комбинаттары Риддерде , Зырянда ,
- ▶ ал жібек талшықтарын шығару комбинаты Өскеменде салынған.
- ▶ **Тамақ өнеркәсібі** жергілікті шикізатқа негізделген .
- ▶ Оның ішінде ет өнеркәсібі жетекші орын алып ,
- ▶ Ет комбинаттары Семей , Өскемен , Риддер , Аягөз , Зырян қалалары және Приозерное қала типтес елді мекенінде орналасқан.
- ▶ Семей , Өскеменде жергілікті астық негізінде ұн тарту кәсіпорындары жұмыс істеп , елді мекендерде нан , макарон , кондитер өнімдері шығарылады .
- ▶ Ауданда өсірілетін күнбағыс егісі негізінде Өскеменде ірі күнбағыс майын айыру комбинаты жұмыс істейді .
- ▶ **Ауыл шаруашылығы .**
- ▶ Шығыс Қазақстан ауданының агрокәсіптік кешенінде жетекші орынды мал шаруашылығы алады .


- ▶ Ауданның табиғат жағдайының ерекшелігі мен оның қолайлылығына байланысты етті - жүнді бағыттағы қой өсіру мал шаруа шылығының негізгі саласы болып табылады .
- ▶ **Қой шаруашылығы**
- ▶ Ауданның солтүстік және орталық бөлігіндегі шаруашылықтарда биязы жүнді және жартылай биязы жүнді , ал оңтүстік және оңтүстік шығысында қазақтың қылшық жүнді және қаракөл қойларын өсіруге маманданған
- ▶ Таулы аудандарында биязы жүнді **ангор ешкілері** өсіріледі .
- ▶ Сүтті - етті және етті - сүтті бағытта өсірілетін **мүйізді ірі қара** ауданның барлық жерінде кездеседі . Сүтті - етті бағытта өсірілетін ірі қараға Ертістің оң жақ жағалауы , Алтай , Қалба және Тарбағатай тау бөктері , яғни Ертіс бойының суармалы жайылымдары , Алтай мен Тарбағатайдың альпі және субальпі шалғындары қолайлы болып келеді . Ауданның қалған бөлігі етті - сүтті бағыттағы ірі қара өсіруге маманданған .
- ▶ Кенді Алтай , Қалба жотасы , Тарбағатай бөктерлеріндегі славян халқы басым қоныстанған Белағаш даласында **шошқа шаруашылығы** дамыған .
- ▶ Ауданда жыл бойы тебіндеп жайылатын табынды жылқы шаруа шылығы өркендеген .
- ▶ Өсімдіктері мол өсетін Алтайдың бөктері мен Тарбағатайдың үстік баурайында **омарта шаруашылығымен** айналысады . Омарта шаруашылығында хош иісті , дәмі мен шипалы қасиеті жоғары бал аналады . Республика бойынша жиналатын балдың 70 % - ы осы ауданның , яғни Шығыс Қазақстанның үлесіне тиеді . Аудан бал жинаудан бірінші орында .

- ▶ **Омарта көне марал** - Шығыс Қазақстанның өзіне тән ерекше шаруашылықтары . Марал шаруашылығын Оңтүстік Корея фирмасы қаржыландырып , кесілгеннен кейін оның мүйізі Кореяға әкетіледі . Шығыс Қазақстанның биік таулы бөктерлерінде , әсіресе Қатон қарағай ауданында бұғы марал шаруашылығы дамыған . Марал мен бұғының мүйіздерінен **панта** алынады . Пантадан **пантокрин** дәрісі жасалады .
- ▶ **Өсімдік шаруашылығы**
- ▶ Егіншілікті аудандары Ертіс бойында , Кенді Алтай , Қалба жотасы , Тарбағатай аңғарында орналасқан .
- ▶ Шығыс Қазақстанның астық шаруашылығында жаздық бидай жетекші орын алады . Сонымен қатар Тарбағатай беткейінде күздік бидай , ал Ертістің оң жағасы , Қалба жотасы , Үлбі , Бұқтырма , Нарым бөктерлерінде күздік қарабидай өсіріледі .
- ▶ Дәнді дақылдардың ішінде арпа мен сұлы егісі ауданның көп жерін алып жатыр . Сұлы мал азығы ретінде өсірілсе , арпа биік таулы аудандарда , қала маңында егіледі . **Арпа - сыра қайнату шикізаты** .
- ▶ Ал техникалық дақылдардың ішінде күнбағыс жетекші орын алады . Мұнда республикадағы күнбағыс егісінің 80 % - дан астамы егіледі.Өскеменде.

▶ **Көлік кешендері .**

- ▶ Ауданда теміржол , автомобиль және өзен жолдары маңызды орын алады .
- ▶ Теміржол жүк тасымалы бойынша бірінші орында . Аудан аумағында Турксіб теміржолының Локоть - Өскемен - Риддер тармағы өтеди .
- ▶ Автомобиль көлігінің , оның ішінде , Семей - Аягөз теміржолы нан шығысқа қарай орналасқан “ Шығыс ” айналмалы жолының ішкі аудандарды байланыстырудағы және олардың шаруашылығын дамытудағы рөлі ерекше .
- ▶ **Шығыс Қазақстанның өнеркәсіп тораптары .**
- ▶ Шығыс Қазақстан ауданында Өскемен , Семей , Риддер , Зырян , Глубокое , Аягөз , т . б . өнеркәсіп тораптары қалыптасқан .

- ▶ **Шығыс Қазақстан экономикалық ауданының басты қалалары :**
- ▶ Өскемен , Семей , Риддер , Зырян , Аягөз .
- ▶ Өскемен - түсті металлургия орталығы .
- ▶ Өскемендегі қорғасын мырыш , титан - магний комбинаттары Кенді Алтайда қорытылатын түсті металдардың едәуір бөлігін өндіреді .
- ▶ Қалада түсті металлургиямен қатар машина жасау салалары бар . Сонымен бірге тамақ және жеңіл , ағаш өңдеу , жібек мата шығару өнеркәсіптері дамып келеді .
- ▶ Жібек мата шығаратын комбинат ірі кәсіпорындардың бірі болып отыр .
- ▶ Басты кәсіпорындары : “ Шығысмаш ” , “ Азия Авто ” зауыты , Өскемен арматура , Өскемен конденсатор зауыттары . Сонымен қатар Өскемен СЭС - і мен ЖЭС - і қаланы электр энергетикасымен қамтамасыз етеді .
- ▶ Риддер - Рбасты өнеркәсіп орны — полиметалл комбинаты . Ол Кенді Алтайдың полиметалл кенінің негізінде жұмыс істейді .
- ▶ Семей - жеңіл және тамақ өнеркәсіптері қаласы , Семейдің аса ірі кәсіпорындары — еткомбинаты және кабель зауыты . Ертістің таза әрі жұмсақ суын пайдаланатын жүнді бастапқы өңдеу фабрикасы - қаланың белгілі кәсіпорны . Шұға комбинаты мен жүн , аяқкиім , тігін - трикотаж , былғары - тері фабрикалары осы кәсіпорындармен тығыз байланыста жұмыс істейді .



Шығыс Қазақстан экономикалық ауданы

Батыс Қазақстан: Ақтөбе, Атырау, БҚ, Маңғыстау облыстары

- ▶ Халықтың сирек қоныстанған шөлді аймағы
- ▶ Каспий маңы ойпаты, Жалпы сырт, Орал тауының оңтүстік бөлігі, Маңғыстау түбегі, Үстірт, Мұғалжар, Тұран ойпатын алып жатыр.
- ▶ **ЖЕР КӨЛЕМІНЕН ЕҢ ҮЛКЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ АУДАН**
- ▶ Батыс Қазақстан - республика шаруашылығында ерекше орын алатын мұнай - газ өндіретін және өңдейтін , сонымен қатар газ , хромит , никель , ферроқорытпа , минералды тыңайтқыштар және мұнай өнеркәсібі үшін құрал - жабдықтар өндіретін аудан .
- ▶ Аудан экономикасында ауылшаруашылық салаларынан мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы дамыған .
- ▶ Батыс Қазақстан — республикамыздағы негізгі балық аулау және балық өңдеу орталығы .
- ▶ Климаты шұғыл континентті әрі құрғақ , қысы суық , аумағының көпшілік бөлігін шөл және шөлейт алып жатқандықтан , тұщы су тапшылығы байқалады. Өсімдігі өте сирек

▶ **Мамандануы:**

- ▶ Батыс Қазақстанда өнеркәсіп салаларына қарай әр облыстың өзіне тән мамандану бағыты бар . Мысалы
- ▶ Атырау , Маңғыстау облыстары балық , мұнай , газ өндіруге маманданған .
- ▶ Ал Ақтөбе , Батыс Қазақстан облыстары никель , хромит , ферроқорытпа минералды тыңайтқыштар мен газ өндіруге , сондай - ақ жеңіл және тамақ өнеркәсіптеріне маманданған ,
- ▶ **Халқы** . Батыс Қазақстан экономикалық ауданы республикада халық саны жөнінен үшінші орынды алады . Республиканың басқа аудандарымен салыстырғанда Батыс Қазақстан халқының басым бөлігі - қазақтар . Ал басқа ұлт өкілдерінен украиндер , орыстар , татарлар , корейлер тұрады .
- ▶ **Өнеркәсібі** . Батыс Қазақстан өнеркәсібінің дамыған салалары – мұнай , газ және химия өнеркәсіптері . Мұнда алдымен , Доссор және Мақат мұнай кәсіпшіліктері пайда болды
- ▶ Ембі алабы мен Маңғыстау түбегінде мұнай - газды өндіру , Атырауда мұнай өңдеу , полиэтилен өндіру , ал Жаңаөзен , Жаңажол және Теңізде газ өңдеу кәсіпорындары дамыған .

▶ **Машина жасау өнеркәсібіне**

- ▶ Атыраудағы машина жасау зауыты
- ▶ Ақтөбедегі рентген аппаратурасы зауыты
- ▶ Орал қаласындағы механикалық , арматура , аспап , құрылыс - монтаж құралдарын жасайтын және кеме жасау (" Зенит ") және жөндеу зауыттары кіреді .

▶ **Химия өнеркәсібі**

- ▶ мұнай және мұнай - химия өндірістері негізінде дамыған .
- ▶ Ірі химия өнеркәсібіне Атырау полиэтилен зауыты ,
- ▶ Ақтөбе хром қоспалары зауыты , Ақтөбе химия комбинаты кіреді . Ақтөбе химия комбинаты жергілікті фосфориттер мен Каспий маңының тұздарын пайдаланады .

▶ **Құрылыс материалдары**

- ▶ Батыс Қазақстан әктас , мергель , гипс сияқты құрылыс материалдарына бай .
- ▶ Маңғыстауда ұлутас өндіретін карьерлер жұмыс істейді . Әктас , ұлутас Ақтаудың негізгі құрылыс материалдары болып табылады .

▶ **Тамақ өнеркәсібінде**

- ▶ балық өңдеу саласы жақсы дамыған . Бұл экономикалық ауданда балық зауыттарымен қоса балық өңдейтін бірнеше кәсіпорындар бар .
- ▶ Солардың ішіндегі ең ірісі – Атырау балық өңдеу комбинаты . Одан басқа Ералиев және Баутино қалаларында орналасқан балық - консерві зауыттары жұмыс істейді . Сонымен қатар Батыс Қазақстан мен Ақтөбеде ұн - жарма кәсіпорындары бар
- ▶ **Жеңіл өнеркәсіптен** тері - тон , киіз басу , былғары , аяқкиім , тігін тігу салалары жақсы дамыған . Орал қаласында пима фабрикасы орналасқан . Жеңіл өнеркәсіптен тағы бір ірі өндіріс орны “ Клара Цеткин атындағы тігін фабрикасын атауға болады .

▶ **Ауыл шаруашылығы .**

- ▶ Мал шаруашылығы ауыл шаруашылығының жетекші саласы болып табылады . Өйткені аудан аумағының 92 % - ын жайылымдармен шабындықтаралып жатыр .
- ▶ Бұл ауданда қылшық жүнді **еділбай** және **қаракөл** тұқымды қой өсіру ,
- ▶ солтүстік дала белдеулерінде етті - сүтті бағыттағы мал шаруашылығы жақсы дамыған .
- ▶ Сонымен қатар бұл аудан ертеден жылқы және түйе өсірумен айналысады
- ▶ Дәнді дақылдардан жаздық бидай , тары , күздік қарабидай
- ▶ Техникалық дақылдардан қызылша , күнбағыс егістігі басым орын алады .

▶ **Көлік кешені .**

- ▶ Батыс Қазақстанның экономикасын жедел дамыту үшін оның қазба байлықтарын толық пайдалануға және көлік құралдарын дамытуға көп көңіл бөлінген . Соған байланысты теміржолдар , автомобиль және құбыр жолдары салынды .
- ▶ Батыс Қазақстан аумағында мемлекетаралық маңызы бар транзиттік мұнай - газқұбырлары ;
- ▶ Актау - Атырау - Самара
- ▶ Орталық Азия - Орталық және Бұхара Орал (Ресей.

▶ **Қалалары:**

- ▶ **Ақтөбе** – Қазақстанның ірі индустриялы қаласы .
- ▶ Ақтөбеде рентген аппаратураларын жасайтын зауыт жұмыс істейді .
- ▶ Сонымен қатар мұнай жабдықтары мен ауылшаруашылық машиналарына , трактор лар мен автомобильдерге қосалқы бөлшектер шығару өндірісі дамыған .
- ▶ Кеңқияқ пен Шұбарқұдықта мұнай , Үстірттегі Бозойда газ өндіріледі . Ақтөбе ферроқорытпа зауыты.
- ▶ Ақтөбенің Қандыағаш , Көктөбе , Шилісай кен орындарынан фосфор тыңайтқышы өндіріледі
- ▶ Марганец Мұғалжардағы марганец кені бар тау жыныстарынан алынады
- ▶ Хромтауда " Восход " кен орнында жаңа хром кенін байыту комбинаты , Ақтөбе мыс компаниясы кен байыту комбинаты


- ▶ **Атырау .**
- ▶ Қалада мұнай өңдейтін зауыт , аса ірі балық консерві комбинаты , кеме жөндеу , бөшке жәшік және сүт зауыттары , ет , нан комбинаттары , электрстансылары бар
- ▶ Мұнай мен газдың , Индер көліндегі борат пен калий тұздары алынады .
- ▶ **Өнеркәсіптің басты саласы - мұнай өндіру және мұнай өңдеу.**
- ▶ Ірі мұнай кәсіпшіліктері - Мақат , Доссор , Қосшағыл , Құлсары , Прорва , Теңіз .
- ▶ **Жетекші өндіріс салалары** - балық және мұнай - химия өндірісі .
- ▶ Атырау машина жасау зауыты мұнай өнеркәсібіне қажетті құрал жабдықтар шығарады .
- ▶ Қазақстан мұнай - химия өнеркәсібінің тұңғышы - Атырау химия зауыты Индер көлінен борат өндіреді .

▶ *Орал*

- ▶ Батыс Қазақстан облысының орталығы . Оралдың былғары зауыты мен пима фабрикасы – республикадағы аса ірі кәсіпорындар . Қалада ет - консерві комбинаты , ұн тарту , жарма комбинаты , мия зауыты фармацевтика және химия өнеркәсіптері бар .
- ▶ Басты су көзі - Жайық өзені .
- ▶ **Машина жасау өнеркәсіп салаларының кешендері үлкен орын алады:**
- ▶ Ірі өнеркәсіп орындары – Орал арматура зауыты ,
- ▶ Орал механика зауыты ,
- ▶ металл бұйымдарын жасау зауыты және
- ▶ ірі машина жасау зауыттары .
- ▶ Сонымен қатар мұнай және химия өндірісіне керекті құрал - жабдықтар дайындау ,
- ▶ машина жасау “ Зенит ” , “ Омега ” , “ Металлист ” зауыттары) ,
- ▶ құрылыс - монтаж құралдарын жасау және
- ▶ кеме жөндеу өндірістері де жақсы дамыған .

▶ *Ақтау*

- ▶ Жылу электр орталығы табиғи газбен жұмыс істейді . Қалада су тұщыландыратын қондырғы , атом электрстансысы , пластмасса , тіс пастасын шығаратын зауыт , құрылыс кәсіпорындары бар .
- ▶ Ақтау теңіз деңгейінен едәуір төмен жатқан жазықта орналасқан қала . Солтүстік - шығысында теңіз деңгейінен төмен Қарақия 132 м) ойысы бар .
- ▶ Маңғыстау - еліміздегі мұнай мен газ өндіретін ең ірі аумақ . Мұнай кәсіпшілігінің негізгі орталықтары - Өзен және Жетібай .
- ▶ Бұл өңірде балық өнеркәсібі жақсы дамыған . Балық шаруашылығының ірі орталықтары Баутино (балық консерві комбинаты) және Ералиев балық зауыттары .
- ▶ Тамақ өнеркәсібінен еткомбинаты мен сүт зауыты алады .
- ▶ Ауыл шаруашылығының жетекші саласы — мал өсіру , оның ішінде - қой және түйе шаруашылығы .
- ▶ Мұнда егін шаруашылығы нашар дамыған . Қаратау мен Ақтау бөк терінде жемшөптік дақылдар егіледі . Бұлақ бойларында және Ақтау , Жаңаөзен қалалары төңірегінде суармалы егін шаруашылықтары кездеседі .



Батыс Қазақстан экономикалық ауданы

Солтүстік Қазақстан: Қостанай, СҚ, Ақмола, Павлодар

- ▶ Экономикалық жағдайы мен табиғат ресурстары
- ▶ Жер аумағы жөнінен БҚ мен Оң. Қ кейін үшінші орында
- ▶ Солтүстік Қазақстан аумағында елордасы Астана орналасқан.
- ▶ Ауданның солтүстік - батысында Қостанай темір кені ,
- ▶ оның маңында Жітіқара талшықтас (асбест) ,
- ▶ Торғай қоңыр көмір алабы, ал оңтүстігінде Арқалық боксит кен орындары бар . Павлодар облысында Екібастұзда таскөмір , Майкүбіде қоңыр көмір , Бозшакөлде мыс , Кереку , Тобылжан , Қалқаманда ас тұзы өндіріледі .
- ▶ Сондай ақ Жітіқара (Қостанай обл .) , Майқайың Павлодар обл .) , Степняк , Васильков , Жолымбет , Ақбейіт , Бертөбеде (Ақмола обл .) алтын кендері бар .
- ▶ Аудан аумағында әктас , шыны құмы , отқа төзімді саз , т . б . құрылыс материалдары кездеседі .

- ▶ Аудан аумағының көп бөлігінде жылына 350 - 400 мм жауын шашын түседі , ол суарылмайтын егіншілікпен айналысуға мүмкіндік береді . Солтүстік Қазақстан , Қостанай , Ақмола , Павлодар облыстарының солтүстігіндегі қара топырақты аумақ бидай егуге мамандандырылған .
- ▶ Аудан солтүстігінде Ресейдің Ора Батыс Сібір аудандарымен шектеседі . Аудан аумағы арқылы Үлке Сібір , Орталық Сібір , Оңтүстік Сібір және Трансқазақстан теміржол магистральдары өтеді
- ▶ **Халқы .** Халқының жалпы саны мен оның орташа тығыздығынан Солтүстік Қазақстан елімізде Оңтүстік Қазақстанға ғана жол беріп , 1 км² - ге 7 , 2 адамнан келеді . Аудан аумағында халық жалпы біркелкі қоныстанған .
- ▶ Солтүстік Қазақстанның халқы көпұлтты . Мұнда қазақ , орыс , украин , татар , неміс , мордва , еврей , чуваш , поляк , т . б . халықтар тұрады . Олар бұл ауданға теміржол салу , пайдалы қазба кен орында " рын және тың жерлерді игеру кезеңінде қоныстанған .

- ▶ Солтүстік Қазақстанда қала халқының үлесі аудан халқының 50 % - ын құрайды . Бұл ауданда ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп бірдей дамыған .
- ▶ **Шаруашылығы:**
- ▶ Солтүстік Қазақстанда ауыл шаруашылығының жетекші сала сы - егіншілік , оның ішінде , негізгі орынды астық шаруашылығы алады . Жер бедерінің жазықтығы , құнарлы қара және қара қоңыр топырағы , қолайлы климаты егіншілікті барынша дамытуға мүмкіндік береді .
- ▶ Республика көлемінде жиналатын астық өнімінің 90 % - ы Солтүстік Қазақстанның үлесіне тиеді . Мұнда республикадағы жаздық бидай егісінің 75 % - ы егіледі .
- ▶ Жаздық бидайдың басым бөлігі Солтүстік Қазақстан , Қостанай , Ақмола және Павлодар облыстарының солтүстігінде , Ертіс бойында егіледі .
- ▶ Ауданның орталық бөлігінде құрғақшылыққа төзімді тары өсіріліп , и республика егістігінің 40 % - ын құрайды . Оның басым бөлігі Ақмола облыстарының оңтүстігі мен Павлодар облысында. Басқа дәнді дақылдардан ауданның солтүстігінде сұлы , қарабидай , қарақұмық , малазықтық дақылдан жүгері батысында .

- ▶ Май өндіретін техникалық дақылдардан **күнбағыс , шашақты зығыр , қыша және сора** өсіріледі .
- ▶ Аудан ауыл шаруашылығының екінші маңызды саласы - **мал шаруашылығы**. Ауыл шаруашылығындағы жарамды жердің 57 % - ы — жайылым мен шабындық , оның басым бөлігі Қостанай , Павлодар , Ақмола облыстарында .
- ▶ Мал шаруашылығының жемшөп базасында табиғи мал азығы басым . Сонымен бірге мал азығы ретінде егін шаруашылығының және тамақ өнеркәсібінің қалдығы пайдаланылып , құрама жем даярланады .
- ▶ Солтүстік Қазақстанда сүтті және етті - сүтті бағыттағы **ірі қара мал** шаруашылығы жетекші орын алады . Оған Қостанай ,
- ▶ Етті бағыттағы сиыр санын еөбейту мақсатында Германиядан гольштейн, Канададан симментал **сиырлары** әкелінген.
- ▶ Етті майлы бағытта Еділбай **қойы** өсіріледі.
- ▶ Ауданның барлық жеріне **жылқы** өсіріледі.
- ▶ **Шошқа** Қостанай Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарының егін шілікті аудандарында өсіріледі.

- ▶ **Өнеркәсібі:**
- ▶ Аудан өнеркәсібінде тамақ және жеңіл өнеркәсіп салалары жетекші орын алады . Оның ішінде , әсіресе тамақ өнеркәсібінің маңызы зор . Аудан ет , сүт , май шайқау , ұн - жарма тарту салаларына маманданған . Екібастұз , Рудный , Жітіқарада орналасқан еткомбинаттары ет консервісін , тамақтық май , т . б . өнімдер шығарады . Оның ішіндегі ең ірісі - Петропавл еткомбинаты . Ауданда сүт және май шайқау салалары маңызы жөнінен ет өнеркәсібінен кейінгі екінші орында . Сүт зауыттары сарымай , сыр , ірімшік , құрғақ сүт , т . б . сүт өнімдерін шығарады .
- ▶ Ұн тарту комбинаттары Астана , Петропавл , Көкшетау , Павлодар , Қостанай қалалырында орналасқан .
- ▶ Петропавл , Павлодарда былғары зауыттары , Ақмола , Қостанай , Павлодар , Петропавлда аяқкиім , тігін комбинат тары салынған .

- ▶ **Солтүстік Қазақстандағы ауыр өнеркәсіптің дамыған саласы - тау - кен ісі** . Қостанай темір кені алабы негізінде Соколов - Сарыбай , Лисаков , Қашар кен байыту комбинаттары жұмыс істеп , темір кенін байыта отырып , оның концентратын шығарады . Қарағанды және Орталық , Оңтүстік Оралдың қара металлургия комбинаттарын концентратпен қамтамасыз етеді.
- ▶ **Машина жасау**
- ▶ өнеркәсібінде ауылшаруашылық машиналар Астана қаласында " Қазақауылмаш " , " Ақмолаауылмаш " (Степногор зауыттары жерді қопсытып тырмалайтын , тұқым шашатын , астық оратын , шөп жинайтын , эрозияға қарсы қолданылатын техника түрлерін шығарады .
- ▶ Павлодарда трактор , Қалқаманда бульдозер , Макинде автомобиль мен трактор болшектерін шығаратын зауыттар жұмыс істейді .
- ▶ Өнеркәсіптік машиналардан Петропавлда қара металлургияға қажетті жабдықтар , Көкшетауда медициналық (оттеппен тыныс алу) аппараттар , таразы шығаратын зауыттар орналасқан .

- ▶ Оңтүстік Кореяның " Ssang yong " 1 жеңіл автомобилі құрастырылуда . Сондай - ақ бұл кәсіпорында қазақстандық - ресейлік " СарыарқаАвтопром " ЖШС кәсіпорны УАЗ автомобилі түрлерін құрастыра бастады .
- ▶ **Көлік кешені .**
- ▶ Солтүстік Қазақстанда автомобиль жолы маңызды орын алады . Онымен жүктің 20 % - дан астамы , ал ауданішілік және аруашылықаралық байланысты іске асыратын теміржол арқылы жүктің 80 % - ы (астық , мұнай өнімі , құрылыс материалдары , халық тың тұтыну заттары) тасымалданады .
- ▶ Ауданның көлік байланысында Ертіс өзенінің маңызы зор . Ертіс арқылы құрылыс материалдары , асық , тұз сыртқа шығарылады және жолаушы тасымалы жүзеге асырылады .

- ▶ Экономикалық аудан құрамында
- ▶ елордасы Астана қаласы
- ▶ облыстық дәрежедегі қалалардан Көкшетау , Қостанай , Павлодар , Петропавл орналасқан .
- ▶ **Көкшетау** - Ақмола облысының орталығы , республикамыздағы өнеркәсіпті , мәдени қала .
- ▶ Өнеркәсіптің басты орындары машина жасау , тамақ өнімдері мен құрылыс материалдарын шығаруға маманданған .
- ▶ Ірі кәсіпорындардан оттекпен демалу аппаратурасы , таразы шығаратын механикалық зауыт , Көкшетау автомобиль жөндеу және " КамАЗ Инжиниринг " зауыты , үй құрылысы комбинаты.
- ▶ Макинде поршень сақиналары және металл бұйымдары , Атбасарда овоз жасау , Степногорде подшипник шығару зауыттары жұмыс істейді


- ▶ **Қостанай қаласында**
- ▶ Ірі темір - бетон құрылымы комбинаттары , кірпіш зауыттары ар . Олардың орталықтары Қостанай , Рудный , Жітіқара , Лисаков қалаларында орналасқан .
- ▶ **Тамақ өнеркәсібінің** негізгі өндіретін өнімдері — ет , сүт , сарымай , ұн , сыра .
- ▶ Ірі тамақ өнеркәсіптері — Қостанай мен Жітіқараның комбинаттары , Қостанайда , Рудный мен Лисаковта сүт , май зауыттары орналасқан .
- ▶ **Машина жасау** , металл өңдеу өнеркәсіптерінің ірі орталықтары - Қостанай , Рудный қалалары . Аймақта Оңтүстік Орал энергия жүйе газқұбыры тартылған .

▶ **Павлодар қаласында**

- ▶ энергияны , су мен металды көп керек ететін өнеркәсіп салалары - глинозем - алюминий , трактор жасау және химия өнеркәсіптері бар .
- ▶ Павлодарда теміржол , автомобиль , әуе және өзен жолы дамыған Павлодар қаласын Астана , Алматы , Мәскеу , Семей және Қарағанды қалаларымен байланыстыратын әуе қатынасы бар .
- ▶ Сонымен қатар Павлодарда трактор зауыты , сүт , ұн тарту орталықтары , былғары зауыттары жұмыс істейді .
- ▶ Таяуда Павлодар электролиз зауыты іске қосылып , ол таза алюминий өнімін шығаруда .
- ▶ .Мұнда жаздық бидай , күнбағыс жетекші орын алады . Мал шаруашылы " ғынан мүйізді ірі қара , қой - ешкі , жылқы , шошқа , құс шаруашылы дамуда .

▶ Петропавл

- ▶ Солтүстік Қазақстанның әкімшілік , экономикал және мәдени орталықтарының бірі . Қалада автомобиль бөлшектер зауыты , ауыр машина жасау , протез - ортопедия , жол техникасы автомобиль жөндеу зауыттары , жөндеу - монтаждау шеберханалар 7техникалық көмек көрсету стансылары , құрылыс материалдары комбинаттары , темір - бетон және қабырғалық материалдар зауыттары , ағаш өңдеу комбинаты жұмыс істейді .
- ▶ Петропавл бройлер фабрикасы ” ЖШС ойдағыдай жұмыс істеп , ұн тарту , кондитер және “ Сұлтан ” макарон өнімдері ТМД - ның барлық мемлекеттеріне танымал болып отыр .
- ▶ Ет өнімдерін шығару жөнінен " Сби - Агро " ЖШС , “ Қазетөнімдері ” , “ Леонтьев еткомбинаты ” , " Фрегат " кәсіпорны елімізге белгілі .



⊗ Жылу электрстансылары

🐐 Қой шаруашылығы

🐄 Құс шаруашылығы

↑ Шипажайлар

⌣ Қыш

⌣ Зығар

⌣ Күнбағыс

⌣ Тары

⌣ Жүгері

↑ Мақсары

Масштабы 1 : 7500 000 (1 см-де 75 км)

ӨНДІРУШІ ӨНЕРКӘСІП

- Таскөмір
- Алтын
- Құрылыс тасы
- ▨ Қоңыр көмір
- + Талшықтас
- ↔ Мұнай құбырлары
- ▲ Темір кені
- Ас тұзы
- Алуминий кені
- ▨ Отқа төзімді саз

ӨҢДЕУШІ ӨНЕРКӘСІП

- Қара металлургия
- Мұнай-химия
- Құрылыс материалдары өнеркәсібі
- Түсті металлургия
- Машина жасау және металл өңдеу
- Жеңіл өнеркәсіп
- Мұнай өңдеу
- Ағаш өңдеу
- Химия
- Тамақ өнеркәсібі

Солтүстік Қазақстан экономикалық ауданы

Астана қаласы

- ▶ Астанадағы кәсіпорындар егін оратын машиналар, эрозияға қарсы қолданылатын техникалар, сыдыра жыртқыштар, қопсытқыштар өндіреді.
- ▶ 1998 жылы Астана қаласы ЮНЕСКО шешімімен «Бейбітшілік қаласы» деген атпен марапатталды.
- ▶ 1998 жылы WEBSA халықаралық ұйымына кірді.

Оңтүстік Қазақстан: Алматы, Жамбыл, ОҚ, Қызылорда облыстары

- ▶ Аумағы жөнінен Батыс Қазақстаннан кейінгі *екінші* орынды алады.
- ▶ республикадағы ең құрғақ климат - құмды шөл , ал оңтүстігін қоңыржай ылғалды климатты тау белдеулері алып жатыр .
- ▶ Аудан *су ресурсына* бай , еліміздегі су ресурстарының 40 % - ы осы ауданда . Бірақ су ресурстары аумақ бойынша біркелкі таралмаған . Негізгі өзен торлары оңтүстік бөлігі арқылы өтеді . Сырдария , Іле , Талас , Қаратал , Ақсу , Лепсі өзендері су энергетикалық ресурстарына бай . Сырдария өзеніндегі Шардара , Іле өзеніндегі Қапшағай су электр стансылары жергілікті жерді электр энергиясымен қамтамасыз етеді
- ▶ Ауданда *жерасты тұщы су қоры* мол . Жерасты суының Мойынқум Бетпақдала , Қызылқұм сияқты шөлді аймақтарда шаруашылық үшін маңызы зор .
- ▶ Республикамыздың ірі көлдері - Балқаш пен Алакөл осы аудан да .

▶ **Халқы .**

- ▶ Оңтүстік Қазақстан экономикалық ауданы халқының саны және қоныстануының орташа тығыздығы жөнінен экономикалық аудандар арасында бірінші орында. Халықтың аумақ бойынша қоныстану тығыздығы 1 км - ге 10 адамнан келеді .
- ▶ Халықтың басым көпшілігі Тянь - Шаньның , Жетісу (Жоңғар) Алатауының тау бөктерлері мен Қаратау жоталарында , сондай - ақ Сырдария өзенінің бойында қоныстанған .
- ▶ Қала халқы , негізінен , Алматы , Талдықорған , Тараз , Шымкент , Қызылорда , Кентау , Қапшағай және басқа қалалар мен қала типтес елді мекендерде қоныстанған . Республика бойынша бұл экономикалық ауданда халықтың табиғи өсімі жоғары . Оңтүстік Қазақстан - еңбек ресурстарына бай .

▶ **Ауыл шаруашылығы.**

- ▶ Орналасқан орнына байланысты ауыл шаруашылығы , әсіресе өсімдік шаруашылығы жақсы дамыған. Оңтүстік Қазақстан – еліміздің басты суармалы егіншілікпен айналысатын ауданы .
- ▶ Онда техникалық дақылдардан мақта , қант қызылшасы , сары темекі , күріш және дәнді дақылдар , бау - бақша мен жүзімдіктер өсіріледі .
- ▶ Мал шаруашылығынан қой және мүйізді ірі қара өсірумен айналысады
- ▶ Осы экономикалық ауданның аумағына кіретін Алматы , Жамбыл , Оңтүстік Қазақстан , Қызылорда облыстарының жер қойнауындағы пайдалы қазбалар Оңтүстік Қазақстанның шаруашылығын республика бойынша жетекші орынға шығарды .

▶ **Өнеркәсібі .**

- ▶ Оңтүстік Қазақстанда өнеркәсіптен түсті металлургия , химия , мұнай өңдеу , машина жасау , металл балқыту , құрылыс материалдары , жеңіл және тамақ өнеркәсіптері салалары дамыған .
- ▶ Қаратау және Жетісу (Жоңғар) Алатауы тау қойнауындағы полиметалл қазба байлығы негізінде Ащысай полиметалл комбинаты , Текелі қорғасын - мырыш , Шымкент қорғасын зауыттары салынды .

▶ **Химия өнеркәсібі**

- ▶ Қаратау фосфоритіне негізделген Қаратау кен - химия комбинатының еліміздің экономикасы үшін маңызы зор . Шымкентте химия - фармацевтика және фосфор тұздарын өндіретін зауыттар , Таразда суперфосфат зауыты жұмыс істейді . Фосфор өнеркәсібінің ірі кәсіпорындары : “ Қаратау ” , “ Химпром ” , “ Фосфор ” , “ Казфосфат ” зауыттары . Тараз суперфосфат зауыты құрамында 70 % - ға дейін қоректік заттары бар жоғары сортты тыңайтқыштар өндіреді .

▶ **Машина жасау және металл өңдеу**

- ▶ өнеркәсібі ауданда 1950 жылдан бастап дами бастады . Оның негізгі салалары электротехника , аспап жасау , жол құрылысы машиналары , білдек жасау өндірістері
- ▶ Алматы Шымкент , Тараз , Кентау қалаларында орналасқан Машина жасау өнеркәсібі , негізінен , сырттан әкелінетін металды пайдаланып жұмыс істейді . Мысалы , Алматы қаласындағы ірі машина жасау кешендері “ ААМЖЗ ” , “ Поршень ” зауыты , “ Электрқұрал ” , Шымкент қаласындағы “ Электр аппараттары зауыты .
- ▶ **Құрылыс материалдары**
- ▶ республикамыздағы цементтің елеулі бөлігін өндіретін Шымкент және Сазтөбе цемент зауыттары жұмыс істейді .

▶ **Жеңіл және тамақ өнеркәсіптері**

- ▶ өнімдерінің ауқымы бойынша аудан республикада алдыңғы орында .
- ▶ Оңтүстік Қазақстан облысы — республика бойынша мақта өсіретін бірден - бір аудан . Ауданда жеңіл өнеркәсіптің дамуына қаракөл биязы жүнді қой шаруашылығы мен мақта шаруашылығының жолға қойылуы тиімді әсер етеді .

▶ **Жеңіл өнеркәсіптің**

- ▶ ірі кәсіпорындарына Алматы , Шымкент мақта тазалау зауыттары мен мақта мата комбинаттары , Тараз бен Қызылорданың былғары аяқкиім фабрикалары , Шымкенттің шұлық және костюм шығаратын фабрикалары жатады .
- ▶ Республика бойынша шығарылатын тамақ өнеркәсібі өнімдерінің 50 % - ы осы ауданға тиесілі . Тамақ өнеркәсібінің ірі кәсіпорындарына Алматы ет , жеміс - жидек темекі комбинаттары , шарап жасау зауыты , Тараз бен Талдықорғанның қант зауыттары , " Аралтұз " комбинаты , Қызылорда күріш тазалау зауыты , Балқаш , Арал және Алакөл балық өңдеу зауыттары жатады .
- ▶ Алматы шарап жасау зауыты " Бахус " акционерлік қоғамының иелігінде болса , темекі комбинатына " Филип Моррис компаниясы басшылық етіп отыр .

▶ **Ауыл шаруашылығы .**

- ▶ Оңтүстік Қазақстанның ауыл шаруашылығы суармалы егіншілік пен отарлы мал жайылымына негізделген . Егіншіліктің басты мамандану бағыты - техникалық дақылдар өсіру
- ▶ шитті Мақта егісі Бетпақдаладағы Келес және Арыс өзендерінің аңғарында
- ▶ қант қызылшасы Асы , Талас , Шу , Қаратал өзендерінің бойы мен Қырғыз , Іле , Жетісу (Жоңғар) Алатауларының баурайларындағы суармалы жерлерде егіледі .
- ▶ Ауданда суармалы егіншілікті дамыту мақсатында Досан , Қарабас , Шәуілдір , Талас - Асы , Қордай және Қаратал суландыру жүйелері , Шу және Қызылорда бөгеттері Арыс — Түркістан каналы , Бөген суқоймасы салынды .
- ▶ Оңтүстік Қазақстанда мақта бау - бақша және жүзім шаруашылығы салалары дамыған . Жамбыл , Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы Арыс пен Келес аңғарында орналасқан елді мекендер жүзім шаруашылығымен айналысады .

▶ **Мал шаруашылығы**

- ▶ салаларынан қой , ірі қара түйе шаруашылығы дамыған
- ▶ Қаракөл жүнді қой шаруашылығына Жамбыл , Оңтүстік Қазақстан , Қызылорда облыстары маманданған . Бұл облыстар республика бойынша қой мен ешкі санынан және жүн қырқу жөнінен алдыңғы орында .
- ▶ Оңтүстік Қазақстанның тау бөктерінде ірі қара өсірумен айналысады . Республикамыздағы ірі қара тұқымдары - Алатау сиыры , талас сиыры , етті сүтті ақбас сиыры осы ауданда өсіріледі .
- ▶ Жылқы шаруашылығымен ауданның барлық облыстары айналысады . Ауданның арнайы зауыттары мен шаруашылықтарында жылқы өсіріледі .
- ▶ Түйе шаруашылығымен неғұрлым шөлді аудандар - Оңтүстік Қазақстан облысы айналысады
- ▶ Ауданның ірі қалаларының айналасында құс және шошқа өсіретін кәсіпорындар шоғырланған . Олар негізінен , қала халқын азық - түлікпен қамтамасыз етеді .

▶ **Көлік кешені .**

- ▶ Аудан экономикасында теміржолдың маңызы зор .
- ▶ Орынбор Ташкент ;
- ▶ Шымкент Мерке Құлан - Ақтоғай ,
- ▶ Алматы – Үрім
- ▶ Халықаралық деңгейдегі Батыс Қытай - Батыс Еуропа тасжолы біздің еліміз арқылы өтетін күре жол болмақ , ол болашақта елдің транзиттік әлеуетін арттырады .
- ▶ Республикадағы ең ұзын автомобиль жолы осы аудан арқылы өтеді . Ол Алматы - Бішкек — Тараз - Шымкент - Ташкент асфальт жолы .
- ▶ Сонымен қатар Алматы — Жаркент — Талдықорған - Текелі , Алматы Шелек - Нарынқол автомобиль жолы республикалық көлік байланысында үлкен рөл атқарады .

▶ **Ірі қалалары:**

▶ *Шымкент*

- ▶ Қаланың аса маңызды кәсіпорындары - қорғасын , химия - фарма цевтика және жаныштау жабдықтары зауыттары .
- ▶ Мақта тазартатын , май сығатын зауыттар , мақта мата комбинаты және жеміс - консерві зауыттары ауылшаруашылық шикізаттарын өңдейді .
- ▶ Қалада трикотаж , шұлық , тігін фабрикалары бар .
- ▶ Республикадағы аса ірі цемент зауыты жергілікті шикізатты пайдаланса , фосфор тұздары зауыты Тараздан жеткізілетін шикізатты пайдаланып жұмыс істейді .


▶ *Түркістан қаласы*

- ▶ Қазақ хандығының алғашқы астанасы , бүгінде ол 1500 жылдан аса тарихы бар маңызды мәдениет орталығы . Қаланың көне атауы — Иасы . Иасы Ұлы Жібек жолының сауда орталығы болған . Қаладағы Ахмет Иасауи кесенесі ортағасырлық сәулет ескерткіші болып табылады . Елдің экономикалық дамуына Түркістан қаласының қосатын үлесі зор . Онда мақта тазартатын және май шайқайтын зауыттар , алебастр зауыты , сондай - ақ жөндеу механика және малазықтық антибиотиктер зауыты жұмыс істейді . Қалада 1992 жылы Халықаралық Қазақ - түрік университеті ашылған , оның филиалдары Алматы , Тараз , Шымкент , Кентау және Анкара қалаларында бар

▶ **Талдықорған**

- ▶ Алматы облысының орталығы .
- ▶ Қазақстанның оңтүстік - шығысында – Жетісу (Жоңғар) Алатауының батыс жағында орналасқан .
- ▶ Қалада Орталық Азия , Ресей мемлекеттеріне шығуға мүмкіндік беретін әуежай , теміржол стансысы бар .
- ▶ Сонымен қатар жалпы мемлекеттік және облыстық маңызы бар автомобиль жолдары арқылы ол Қазақстанның басқа да қалаларымен , Орталық Азиямен Ресеймен және Қытаймен байланысып жатыр
- ▶ **Қызылорда облыс орталығы .**
- ▶ Қалада күріш жинайтын машина шығаратын “ Қызылорда күрішмаш ” АҚ , Құрылыс материалдары құрал - жабдықтар комбинаты , эксперименттік механикалық және тәжірибелік жөндеу - механикалық зауыттары , маталар , аяқ киім фабрикалары , сонымен бірге астық өнімдері және азық - түлік , тағам бағытында “ Береке - нан ” , “ Балық ” , “ Жайна ” , “ Ісмер ” , “ Қуат ” АҚ жұмыс істейді .
- ▶ Сондай - ақ күріш сабаны мен Сырдария өзенінің жағасындағы құрақты пайдаланатын целлюлоза - картон комбинаты салынған .

▶



Оңтүстік Қазақстан экономикалық ауданы

АЛМАТЫ , БАЙҚОҢЫР қалалары

▶ Алматы қаласы

- ▶ Еуразия континентінің орталығында , Тянь - Шань тауының солтүстігінде , Іле Алатауының баурайында , еліміздің оңтүстік - шығысында орналасқан
- ▶ Алматы қаласының экономикасын өнеркәсіп , қызмет көрсету аясы және ауылшаруашылық салалары құрайды .
- ▶ Өнеркәсіптегі негізгі салалары өндіріс орындары , электр қуатын тарату , су , көгілдір отын оне өңдеуші кәсіпорындар болып табылады .
- ▶ Алматы – әуе қатынасының ірі торабы . Ол әуежолы арқылы Мәскеу , Санкт - Петербург , Ташкент қалаларын байланыстырады . Халықаралық әуежолы арқылы Алматы - Дели , Алматы - Анкара , Алматы — Нюрнберг , Алматы — Стамбул қалаларымен байланыс қалыптасқан . Сондай - ақ Түрксіб , Ақтоғай - Достық , Көксу - Текелі теміржол тармақтары қызмет етеді .

▶ **Байқоңыр**

- ▶ Қазақстандағы республикалық маңызы бар қалалардың бірі , ғарыш орталығының әкімшілік ордасы .
- ▶ Қала Сырдария өзенінің оң жақ биік беткейінде орналасқан 57 км жерді алып жатқан
- ▶ қала ұзақ жылдар бойы құпия нысан " болып саналды .
- ▶ Байқоңыр ғарыш орталығы 1955 жылы 12 ақпанда Зымыранды жобалау және оны тәжірибелік тексеруден өткізу , зерттеу орталығы ретінде ашылды .
- ▶ Теміржол бекеті қаладан солтүстікке қарай 2 км қашықтықта , қала сыртындағы Төретам елді мекенінің аумағында орналасқан . Қала инфрақұрылымына енген көптеген кәсіпорындар мен мекемелер Байқоңыр ғарыш айлағымен бірге 1993 жылы Ресей Федерациясына жалға берілген . Қаладан солтүстікке қарай 5 км қашықтықта Арал - Жосалы Қызылорда автомобиль жолы өтеді .

Қазіргі дүниедегі Қазақстан, Геосаясат

- ▶ 1992 жылдың қазан айында Қазақстан экономикалық ынтымақ тастық ұйымына мүше болды . Оның құрамына Ауғанстан , Әзір " байжан , Орталық Азия елдері , Иран , Пәкстан , Түркия мемлекеттері кіреді .
- ▶ Қазақстан 1992 жылы Еуропалық Одақпен техникалық ынтымақ тастық жайлы келісімге қол қойды . Қазір Еуропалық Одақ өкілдері Алматы қаласында жұмыс істейді .
- ▶ Қазақстан Кедендік одаққа мүше ретінде Ресеймен және Белорусьпен 2010 ж 1 қаңтарда қол қойды.
- ▶ 1998 жылы Тұрақты дамудың Ұлттық экологиялық орталығын құрды . Тұрақты дамудың Ұлттық экологиялық орталығының (Ү30) қызметі Қазақстан аумағындағы экологиялық мәселелерге қатысты жобалар туралы ақпараттар жинақтап , оның базасын құрады .
- ▶ **Қазақстанның басқа елдермен қарым қатынасы:**
- ▶ **Белорусь** машина жасау, станок құрылымдары,сүт өнімі, жиһаз өнеркәсібі жобалары жүзеге асырылуда.
- ▶ **Ресей 1992 ж 2 шілдеде Қазақстан мен Ресей Федерациясы арасындағы Достастық ынтымақтастық келісіміне қол қойылды.**

- ▶ **Украина** мен Қазақстан арасында экономикалық байланыстар жақсы дамыған Қазақстан Украина еліне мұнай , химия өнімдерін , қара және түсті металл , автомобиль аккумуляторларын , мал терісі мен жүн шикізаттарын берсе , өз кезегінде ол елден ауыл шаруашылығы және көлік техникаларын , жолаушы автобустарын , тама аушы автобустарын , тамақ және жеңіл өнеркәсіп шикізаттарын алады . Сонымен қатар жеке аумақ арасында да тікелей қатынастар қалыптасуда .
- ▶ 1993 жылдың шілде айынан бастап Қазақстан мен **Грузия** арасында тәуелсіз елдер ретінде экономикалық қарым - қатынас орнады . Онда инвестицияны өзара қорғау , жүк тасуға кең жол ашқан транзит тәртібі туралы , т . б . маңызды келісімдер жасалды .
- ▶ Қазақстаннан Грузияға күріш және бидай , дәнді дақылдар жеткізіледі . Кентау трансформатор зауыты Грузиядағы су электрстансылары үшін трансформаторлар шығарса , “ Май шығару Трейд кәсіпорындары май өнімдерін жеткізіп отыр .

- ▶ Қазақстан – **Қырғызстанның** негізгі сауда әріптестерінің бірі және ол сауда айналымының көлемі жағынан бірінші орынды алады . Қазақстан – Қырғызстан мемлекетінің электр энергиясын тұтынушы бірден - бір елі , негізінен , Оңтүстік Қазақстан облысы пайдаланады .
- ▶ **АҚШ** – Қазақстанның ең ірі сауда әріптестерінің бірі . АҚШ - тан ауылшаруашылық техникалары , электроника және транспорттық жабдықтар , химиялық өнімдер , металл бұйымдары және өнімдері , ауылшаруашылық өнімдері жеткізіледі
- ▶ оның нәтижесінде көптеген кәсіпорындар Америка инвестицияларын тікелей немесе бірлесе басқаруға көшті " Шеврон Тексако " , " Эксон Мобил " , " Коноко Филлипс " сияқты америкалық компаниялар " Теңіз Шевройл " , " Аджип ККО " , " Каспий құбырконсорциумы " , Қарашығанақ интеграциялық ұйымы " және т . б . сияқты ірі жобаларды бірлесіп жүзеге асырып отыр .

- ▶ **Германия** - Қазақстанның маңызды әрі сенімді сауда - экономикалық әріптесі . Қазақстандағы “ Думан ” фирмасы мен немістің “ Шиллер фирмасы арасында жақсы қарым - қатынас орнаған . Негізгі қызметі елімізді дайын тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету болып табылады . Сонымен қатар қазіргі қазақстандық нарықта Германияның танымал “ Сименс ” , “ ТиссенГрупп ” , “ Кнауф ” , “ Хенкель ” , “ Клаас ” МЕТРО ” сынды компаниялары жұмыс істеп отыр .
- ▶ **Франция**
 - ▶ Бүгінгі күні Қазақстанда енерлік - техникалық қызмет , сәулетшілік , туризм , көлік және тал - жабдықтар саудасы , мұнай және газ өндірісі сияқты салалары анша қызмет көрсететін 52 қазақ француз бірлескен кәсіпорны сумыс істейді . Франциядан Қазақстанға электрлік , электрондық және механикалық жабдықтар тұтыным тауарлары дәрі - дәрмек пен косметика , көлік , азық - түлік , құрылыс материалдары және шарап , теңіз өнімдері , ірімшік , парфюмерия мен косметика , киім - кешек әкелінед
 - ▶ 1992 жылдан бастап Қазақстан - **Италия** мемлекеттері ара сында экономикалық қатынастар орнады . Екі ел арасындағы ынтымақтастық барлық салада : пайдалы қазбалар кен орындарын бірге пайдалану ; ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу ; тамақ және жеңіл өнеркәсіптерін дамыту ; ауыл шаруашылығы машиналарын шығару ; энергетика мен халық тұтынатын тауарларды шығару сияқты бірлескен жобалар арқылы жүзеге асырылып келеді . Ақтөбе макарон фабрикасы Италияның жаңа технологиясымен жабдықталған .

- ▶ Еліміздің сыртқы экономикалық байланысында **Ұлыбритания** мемлекетінің маңызы зор . Ұлыбританиядан қазақ же ріне металл және металл бұйымдары , машина , қондырғылар , көлік құрал - жабдықтары , приборлар мен аппараттар тасымалданады . Қазақстан мен Ұлыбритания арасында отын - энергетика ресурстарын өндіру жөнінде серіктестік қарым қатынас орнатылған . Атырау облысында бүгінгі таңда 80 - нен астам қазақ - британ бірлескен Кәсіпорындары мен компаниялары қызмет жасауда . Транс Уорлд Групп " компаниясымен келісімшарт жасады . Бұл компанияның басқаруымен оқолов - Сарыбай тау - кен өндірістік бірлестігі жұмыс істеуде
- ▶ Қазақстан аумағы арқылы **Испания** мемлекеті Орталық Азия елдерімен қатынас жасауға мүмкіндік алды Сонымен қатар ірі " Астурина " , " Репсол ” компаниялары здің мұнай газ кен орындарын зерттеуге , мырыш зауыттарын шаруашылық салаларын бірігіп дамытуға көмек беруде .
- ▶ 1993 жылы Қазақстан мен **Венгрия** арасында үкіметаралық сауда қатынасы туралы шартқа қол қойылды . Қазақстан Венгрия мемлекетіне мақта , мұнай өнімдері , фосфор , химия өнеркәсібі тауар ларын берсе (23 - диаграмма) , өз кезегінде ол елден дәрі дәрмек , медтехника , металлургиялық құбырлар , тамақ өнімдерін алады .

- ▶ **Жапониямен** қарым - қатынас үш бағытта жүзеге асырылуда - сауда , инвестиция , экономикалық көмек 1993 жылы қазақ - жапон қатынастары шеңберінде экономикалық ынтымақтастық бойынша Қазақстан - Жапония және Жапония Қазақстан комитеті құрылды Сонымен қатар 1995 жылдан бастап экономикалық және әлеуметтік дамудың Қазақстан - Жапония қауымдастығы мақсатты түрде жұмыс істеп отыр . " Жапонияның Ұлттық мұнай компаниясы " (ЖҮМК) Арал аймағында мұнай кендерін барлауға инвестиция бөліп келеді . Қазақстан Жапонияға отын , минералды шикізаттар , ферроқорыт палар , сирек кездесетін металдар , бейорганикалық химия өнімдерін , құрылыс материалдарын шығарады . Ал Қазақстан Жапониядан көлік , оның құралдарын , электротехникалық құрал - жабдықтар , дайын химия өнімдерін , фотоаппараттар , тұрмыс техникаларын және т . б . халық тұтынатын тауарларды алады





